№6 дәріс. Фразеологизмдердің пайда болу арналары.

Кез келген тілдің элементтері бір-бірімен тығыз байланыста, өзара қатынаста болып, тұтас жүйе құрайды. Фонема, морфема, сөз және сөйлемнің иерархиялық қатынастарымен тең дәрежеде қарастырылатын еркін тіркестер мен тұрақты тіркестерді (фразеологизмдер) ерекше тілдік бірлік деп қарастыруға болады. Бұл тіркестерді тілдің лексикалық және синтаксистік жүйелерінің арасында ерекше деңгейаралық жүйе ретінде қарастыруға болады. Фраземалардың сөздерден де, сөз тіркестерінен де өзіндік айырмашылықтары бар: оны сөзбен жақындастыратын белгісі – еркін тіркестерден ажыратын, ал сөзден ажыратын ерекшелігі еркін тіркеспен жақындастыратын белгісі болып табылады.

Фразеология ғылымы – өзіне тән метатілі, зерттеу әдістері мен нысаны бар тіл білімінің саласы. Фразеологияны тілдік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде, құрылымдық және мағыналық жағынан ерекше қасиетке ие тілдік бірлік ретінде тану негізгі ғылыми дәйектеме болып табылады. Фраземалар – еркін сөздердің тіркесі болмағандықтан, лингвистикалық пән ретінде фраземажасам лингвистикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық сыңарлардың арақатынасы механизмінің негізінде шектеулі тіркестердің жасалуын, ол компоненттердің мағына тұтастығын жасаудағы рөлін зерттейді.

Фраземалар сөздің, лексикалық бірліктің баламасы десек те, сөз фразема мағынасын толық дәрежеде бере алмайды, сөзбен баламаланған фраземаның мағыналық элеменеттерінің біршама бөлігі сыртта қалып отырады. Сондықтан да эквивалент теориясымен салыстырғанда сөз бен фраземаның арақатынасы тең дәрежеде бола алмайды деп ойлаймыз. Фраземалардың номинативтік тұтастығы оны құрастырушы сыңарлардың мағынасынан әлдеқайда басым.

Фразеологиялық бірліктердің жасалу тұлғалары мен құрылымы жағынан еркін тіркестер мен сөйлемдерден айырмашылығы жоқ болса да, фраземалардағы тұтастық, бөліп-жаруға келмейтін бүтіндік олардың мағынасының беріктігінен келіп шығады.

Қазақ тілінде фразеологизмдер басқа тілдік жасалымдардан ерекше экспрессивті-бейнелі мағынасымен, номинация тұтастығымен, компонент құрамының жекелігімен, даяр қалпында жұмсау ерекшелігімен, фразеологиялық тұрақтылығымен дараланады.

Адамзат қоғамы әлем, дүние, қоршаған орта туралы мағлұматтарды лингвистикалық арналар арқылы алатындықтан, информацияның барлығы сөз арқылы меңгеріліп, сөз арқылы түсінеді. Сондықтан да тіл құпиясын ашу, адамзат тарихының сырын ашумен барабар. Қазіргі ғылымда тіл теориясы мен мәдениет теориясы тоғысуында пайда болған тіл білімінің саласы лингвистикалық мәдениеттану, белгілі бір халықтың мифологиялық түсініктері мен әлем моделінің дәстүрлі ерекшеліктерін, ертедегі наным-сенімдер мен дәстүрлерін байланыстыра зерттейтін этнолингвистикалық ғылымдар фразеологиялық қорды халық тарихының, танымының, психологиясының қайнар сөзі ретінде зерттеуге жол ашты. Қалай болса да фразеологизмдердің бойында сақталған мәдени деректерді ашуда оларды халық танымымен, тарихымен, ойлау менталитетімен, өмір сүру ортасымен тығыз байланыста зерттеуіміз қажет. Сондықтан да мәдениет семантикасының күрделі кілті тілде жатыр демекпіз.

Дербес мағынаға ие лексикалық бірлік болып табылатын фразеологизмдер – тіл байлығы, халықтың тарихы мен танымы, әдет-ғұрпы мен салт-санасы көрініс табатын рухани қазына. Заттар мен құбылыстарға және олардың байланыстары мен қатынастары ескеріліп топтастырылған фразеологизмдердің тақырыптық-генетикалық классификация-сына қысқаша шолу, қазақ тілінің және басқа да тілдер фраземаларының семантикалық ерекшеліктерін көрсетуге, сонымен қатар фраземаны қолдану аймақтарының үлгілеріне, олардың бейнелілігін нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Айта кететін тағы да бір жайт, қолымызда бар басқа тілдер фразеологиялық материалы көрсетіп тұрғандай, фраземалардың тақырыптық топтастырылу үрдісі көптеген тілдерге ортақ, универсалды құбылыс болып табылады. Мәселен, орыс, ағылшын, неміс және т.б. тілдер материалдары

бойынша ғалымдар топтастыруларына сүйенсек, жоғарыдағы үрдістердің ол тілдерге де тән екенін көреміз.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистика саласының негізін салушы ғалым академик Ә.Т. Қайдар, этнолингвистикалық арналарға тоқтала келіп былай дейді: *"Тіл тамыршысы"* бола білу деген сөз – "тіл байлығын өз білгенімен ғана өлшеп, шектемеу. ... көпшілік қауымның білетіні лексикалық бірліктердің бойына ғана тән толық ауқымы емес, жарым-жартысы ғана, яғни көбінесе күнделікті өмірде өзара қарым-қатынас жасауға қажетті "үстіңгі қабаттағы" лексикалық мағыналары ғана. Ал, олардың екінші деңгейдегі "ауыс, туынды, келтірінді, идиомалық, фразеологиялық" т.б. деп аталатын мағыналары тобына келсек, олар көбінесе тілдік ортада қалыптасқан дәстүрлі "мағыналық символ" ретінде сөйлеу контектісіне қарай қолданылғанымен түп-төркіні баршаға айқын емес" [Ә.Қайдар, 1998; 21 б.].

Академик Ә.Т. Қайдар лексикалық немесе фразеологиялық бірліктердің ішкі формасы, яғни "екінші деңгейдегі" мағыналарын этнолингвистикалық мағыналар деп атаған. Қазақ тілінің лексикология саласының мамандары Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлы фразеологияның шығу арналарын бөліп қарап, олардың негізгілері деп төмендегі құбылыс, ұғым, түсініктерді атап көрсетеді. "Көптеген фразеологизмдердің жасалуына адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы бейнесі болған. Мысалы, *Жауыр болды* (әбден мезі қылды, ығыры шықты) деген тұрақты тіркестің негізінде көп мініліп арқасы жара болған аттың бейнесі елестейді. Басында атқа байланысты шыққанмен, қазіргі кезде ол мағынасы ұмытылып, қайта жасалынып, адамға байланысты айтылады. … Сол сияқты т.б. фразеологизмдердің жасалуына да, сөз жоқ, адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы себеп болғандығын танып білуге болады" [Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиұлы, 1997; 208-212 бб.].

Тілдік фактілер көрсетіп тұрғандай фразеологизмдердің біріншілік уәжділігін және олардың ішкі формасына жасалынған таңдаулар экстралингвистикалық факторлардың шығу көзін ашуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған еңбектер негізінде фраземалардың ішкі формаларының туындау көздеріне шартты түрде топтастырулар жасайық:

- адамның анатомиялық атаулары (соматизмдер) мен қимыл қозғалыстарына байланысты туған фраземалар;
- жануарлар (зооморфтық фраземалар) әлемі;
- өсімдіктер (флора) әлемі;
- табиғат құбылыстары;
- өлшем бірлік (метеорология);
- сандық (нумеративтік) фраземалар;
- түр-түстік және сындық;
- алғыс және қарғыс мәнді;
- мифтік және діни;
- тарихи кезеңдермен және тұлғалармен байланысты туған фраземалар және т.б.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.
2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.
3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.
5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.
6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.
7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.